



# Қазақстан халқының бірлігі күні!

МАМЫР



№28-29 (2636-2637)

30/04/2021

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



## Уважаемые коллеги!

Примите самые теплые поздравления с 1 Мая – Днем единства народа Казахстана! Сохранение межнационального и межрелигиозного согласия является одним из главных приоритетов политики независимого Казахстана. Все успехи и достижения нашей страны – результат крепкой дружбы и добросовестной совместной деятельности казахстанцев, независимо от их национальности и религиозной принадлежности.

Праздник единства народа Казахстана по-особому дорог нам, железнодорожникам. Многолетний коллектив АО «НК «Қазақстан темір жолы» объединяет разные этносы нашей многонациональной Родины, которые трудятся в мире и согласии, чтят традиции и культуру друг друга.

Уверен, благодаря сплоченности и взаимной поддержке мы успешно справимся со всеми вызовами, которые затронули Казахстан в этот непростой для всего мира период.

Желаю вам и вашим семьям крепкого здоровья, благополучия, успехов, а нашей стране мира и процветания!

Оразағали АХМЕТБАЕВ,  
Председатель  
ОО «КАЗПРОФТРАНС»



## НА ВЗАИМОВЫГОДНОЙ ОСНОВЕ

Актуальные вопросы двустороннего сотрудничества обсудили в рамках встречи в Нур-Султане председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Нурлан Сауранбаев и глава ОАО «Российские железные дороги» Олег Белозёров.

Роман ЛЮБИМОВ,  
Нур-Султан

Руководители железнодорожных администраций отметили положительную динамику развития взаимоотношений в транспортной сфере и логистике, а также долгосрочных перспективных направлений партнерства.

Они обсудили дальнейшие планы по совершенствованию деятельности совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси – Объединенной транспортно-логистической компании (ОТЛК), рассмотрели вопросы раз-

вития безбумажных технологий оформления перевозок.

Стороны договорились разработать дорожную карту по переходу в цифровой формат оформления экспортно-импортных перевозок.

Особое внимание во время переговоров уделено работе железнодорожных пограничных переходов на казахстанско-российской и казахстанско-китайской границах.

Казахстан и Россия являются ближайшими соседями и важнейшими союзниками не только на постсоветском пространстве, но и в целом на международной арене. За январь-март 2021 года объем перевозок грузов

между двумя странами достиг более 21 миллиона тонн, увеличившись на 2% к аналогичному периоду предыдущего года. В том числе экспорт вырос на 4% и составил около 14 миллионов тонн. Рост произошел за счет поставок угля, нефтепродуктов и черных металлов через территорию РФ.

В первом квартале текущего года на 65% вырос экспорт зерна, на 70% – каменного угля, на 53% – цветной руды, на 26% – черных металлов, на 22% – нефтепродуктов. В целом в прошлом году грузооборот между Казахстаном и Россией составил более 85 миллионов тонн.

Фото Александра ЖАБЧУКА



## Біздің күшіміз – бірлікте!



### Құрметті теміржолшылар! Қадірменді әріптестер!

Баршаңызды Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке қазақстандықтар үшін достық пен бауырластықтың және жасампаздықтың нышанына айналды.

Көпұлтты еліміз бірлік мен ынтымақтың арқасында экономиканың түрлі салаларында зор табыстарға жетіп келеді. Бүгінде біз күрделі кезеңді бастап өткізіп жатырмыз. Коронавирус пандемиясы күнделікті өмірімізге өзгерістер әкелді. Бәріміз санитар дәрігер айтқан талаптарды, яғни маска тағу, антисептик қолдану, арақашықтық сақтау сияқты нормаларды сақтауымыз керек.

Қауіпсіздік шараларын мұлтқисіз орындау жақын, туыс, достарымыздың және әріптестеріміздің денсаулығы мен өмірін сақтауға септік етеді.

ДДҰ ұсынымдары бойынша COVID-19 таралуын тоқтатып, ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін халықтың 65-70%-ын вакцинациялау қажет. Осы сәтті пайдалана отырып, барлық теміржолшыларды коронавируспен күреске белсенді араласуға, өзіңіз бен жақындарыңызды сақтау үшін ортақ жауапкершілік алуға және вирустан қорғану үшін екпе салдыруға шақырамын. Вакцинациялау ісінде неғұрлым белсендірек болсақ, соғұрлым індеттің бетін тез қайтарып, қалыпты өмірге жылдам орала аламыз.

Бәріміз бірлікте, бейбітшілік пен келісімді сақтай өмір сүрсек, ауыр сынақтардан сүрінбей өтетінімізге сенімдімін. Қазақстандықтардың ең бір қиын кезеңдерде де бір-біріне мейіріммен, жанашырлықпен қарап, халықтар арасындағы достықты ең басты құндылық ретінде талай рет дәлелдегеніне тарих куә. Соның арқасында біз қазір біргеміз және арамыздан қыл өтпейтіндей татумыз.

Қазақстан халқының бірлігі мерекесі қарсаңында баршаңызға бақ-береке, мол табыс, елімізге тыныштық тілеймін!  
Нурлан САУРАНБАЕВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы



## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ҮШ АЙЫНДА ЕЛ ІШІНЕ

20 МЛН ТОННА  
КӨМІР ТИЕЛГЕН.

БИҮЛІ 1 ТОҚСАНДА  
ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ  
ТРАНЗИТПЕН

4,8 МЛН ТОННА  
ЖҮК ТАСЫМАЛДАНДЫ.

БИҮЛІГІ ҚАҢТАР-НАУРЫЗ  
АРАЛЫҒЫНДА  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ ЖЕЛІСІНДЕ  
ТИЕЛГЕН ЖҮК КӨЛЕМІ

60 МЛН ТОННАДАН  
АСТЫ.

БЫЛТЫР «ҚЫТАЙ – ЕУРОПА»  
БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ АРҚЫЛЫ  
ТРАНЗИТПЕН ЖҮКТЕРДІ  
КОНТЕЙНЕРЛЕРМЕН  
ТАСЫМАЛДАУ

65%  
АРТТЫ.

## 28 сәуір – Дүниежүзілік еңбек қорғау күні

### Қауіпсіздікті сақтау – ӨЗ ӨМІРІНДІ САҚТАУ!

28 сәуір – Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне орай «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры Асхат Сариевтің жетекшілігімен атаулы күнге арналған онлайн-конференция өтіп, оған желілік деңгейдегі еңбек қорғау саласына жауапты мамандар қатысты.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Нұр-Сұлтан

Онлайн-конференцияда Компанияның бас инженері Батыр Котыревтің бейне-жолдауы көпшілік назарына ұсынылды. Шараға қатысушыларды Дүниежүзілік еңбек қорғау күнімен құттықтаған бас инженер, теміржолшыларға бұл тақырып аса жақын екенін атап өтті. «Теміржол – қауіптілігі жоғары аймақ. Күн сайын он мыңдаған теміржолшы теміржолда аса қауіпті факторлармен бетпе-бет ұшырасады. Алайда, олар жұмыстан соң үйлеріне аман-есен оралулары маңызды. Пандемия жағдайында біз мобильді қосымшаны іске қостық. Ол адамдарға қауіп-қатердің алдын алуға және төмендетуге, сондай-ақ, кемшіліктің жойылғанын бақылауға мүмкіндік береді. «Қауіпсіздіктің іс-қимыл диалогы» курстарында біз тәжірибе жүзінде мысалдар келтіре отырып, қауіп-қатерді қалай анықтауға болатынын түсіндіреміз. Мен сіздерді қандай қызметтік лауазымда жұмыс істеп жүргендеріңізге қарамастан

жеке қауіпсіздікті сақтауға шақырамын», – деді бас инженер өзінің бейнеүндеуінде.

Бұдан кейін өндірісте қаза болғандарды еске алуға 1 минут үнсіздік жарияланды. Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің мамандары алға тартқан мәліметтерге сүйенсек, үстіміздегі жылдың үш айында компания бойынша 35 жазатайым оқиға тіркеліп, бұл көрсеткіш өткен жылға қарағанда 10 оқиғаға өскен. Соның ішінде, 24 оқиға жарақаттану болса, 4 оқиғаның соңы өлімге әкелген. Биыл бірінші тоқсанда жұмысшылардың жұмыс орнында денсаулығының күрт нашарлап кетуі де өскен, бұл жағдайға қатысты былтыр 7 оқиға тіркелсе, биыл оның саны 4 оқиғаға артқан. Соның ішінде, адамдардың денсаулығының күрт нашарлауынан қаза болуына қатысты 5 оқиға тіркелген. Биыл тіркелген 35 оқиғаның бүгінде 28-і тергеуден өткен. Жазатайым оқиғалар «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, Магистральдық желі дирекциясы және «ӘТЖК» АҚ-да тіркеліп, өткен жылға қарағанда жағымсыз көрсеткіштер саны өсе түскен.

(Жалғасы 2 бетте)



Канат КОБЕСОВ,  
первый заместитель  
генерального директора  
ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»:

НА ОСНОВЕ ПЯТИЛЕТНЕГО ПЛАНА ПЕРЕВОЗОК ЭКСПОРТНЫХ И ИМПОРТНЫХ ГРУЗОВ МЕЖДУ РК И КНР БУДЕТ ФОРМИРОВАТЬСЯ ТЕХНИЧЕСКИЙ ПЛАН ПО ИНФРАСТРУКТУРНОМУ РАЗВИТИЮ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО УЧАСТКА ДОСТЫК – АЛАШАНЬКОУ, ЧТО ПОЗВОЛИТ УВЕЛИЧИТЬ ЕГО ПРОПУСКНУЮ И ПРОВОЗНУЮ СПОСОБНОСТЬ, УСКОРИТЬ ПРОЦЕСС ОБМЕНА ГРУЗОВЫХ ПОЕЗДОВ И ПОВЫСИТЬ БЕЗОПАСНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ

## САЛА БАСПАСӨЗІНЕ – 90 ЖЫЛ



12 мамыр – Қазақстан теміржолшыларының төл басылымы болып табылатын «Қазақстан теміржолшысы» газетінің туған күні. Тарихи деректер мен дәйектерге көз салсақ, 1931 жылдың дәл осы күні Түркісіб теміржолшының органы – теміржолшылар газетінің тұңғыш саны жарыққа шыққан.

Түркісіб теміржолшының тоқсан жылдығы өткен жылы кең көлемде аталып өтті. Семей мен Лутовойдан бірі-біріне қарама-қарсы салынып басталған жол 30 сәуір күні Айнабұлақ станциясында түйіскені де тарихтан белгілі. Демек, ұлы құрылыс пайдалануға толық беріліп, ресми түрде ашылған 1931 жылдан бастап кезінде жұмысшылар арасында тараған «өндірістік парақшалар» Түркісіб темір жолы басқармасының ресми органына айналғаны шындық.

Әр жылдары «Теміржолшы», 1977 жылы үш жол басқармасының жеке органы «Түркісіб тынысы», «Тың магистралі», «Болат жол» деген атаулармен жарық көріп келген газет, 1977 жылы Қазақстандағы үш жол басқармасы бірігіп, «Қазақстан темір жолы» РМК құрылған соң бір басылымға айналды.

Бүгінде «Қазақстан теміржолшысы» деген атпен үздіксіз жарық көріп отырған басылымның тоқсан жылдығына орай арнайы айдар ашып, оқырмандардан фото суреттер мен құжаттар, басқа да газетке қатысты естеліктерімен бөлісуді сұраймыз.

Редакция

## ПОТЕНЦИАЛ РАЗВИТИЯ

Совместное предприятие железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА» – может отправлять контейнерные поезда по маршруту Китай – Европа – Китай каждые полчаса.

Любовь РОВБА,  
Нур-Султан

Об этом сообщил генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром в ходе онлайн-конференции «Транспорт и логистика 2021: драйверы роста, тренды и барьеры». По

его мнению, один из главных плюсов железной дороги – низкие тарифы: они сохранились на уровне 2019 года.

– Повышение качества услуг, увеличение скорости движения грузов до 1000 километров в сутки и планы достичь рубежа 1300 километров делают доставку грузов железно-

дорожным транспортом еще более привлекательной, – сказал Алексей Гром. – И хотя железнодорожные составы ограничены в объемах (до 100 контейнеров), сегодня компания способна отправлять их каждые полчаса.

Таким образом, есть большой потенциал развития железнодорожного транзита по коридору Азия – Европа.

На конференции отмечалось, что цифровизация процессов и развитие пограничных переходов являются важнейшими направлениями для

устойчивых преобразований транзитной логистики.

Говоря о барьерах, которые мешают развитию транзитных перевозок, эксперты указывают на разобщенность интересов Китая, России, Казахстана, Беларуси и недостаточную согласованность общей стратегии развития коридора Азия – Европа. При этом они прогнозируют рост контейнерного потока из Азии в Европу практически в 1,5 раза при условии сохранения субсидирования этого сектора Китаем.

### БІЗ СІЗДЕРМЕН БІРГЕ МІЗ...

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда



ҚОЛДАУ

**Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесі өндірістік қауіпсіздік және экология қызметінің бөлім басшысы Ғалия Көпжасарова, бөлімше кәсіподағы ұйымының төрағасы Мұхтар Көпірбаев және Қызылорда локомотив пайдалану депосы кәсіподақ ұйымының төрағасы Еркін Асанхановтар жұмыс барысында өндірістік жарақат алған теміржолшылардың қал-жағдайымен танысты.**

Олар машинист көмекшісі Болат Қалмахановтың, пойыз құрастырушы болған Қуандық Жұмабаевтың және Жосалы станциясының пойыз құрастырушысы, жарақаттына орай Ұжымдық шартта белгіленген қағидалар негізінде Ұлттық компания тарапынан арнайы автокөлік берілген Дархан Өтеуовтің отбасында болып, олардың хал-ахуалымен танысып, арнайы сый-сияпат жасады.



Қашанда жұмыс беруші мен жұмысшының арасында реттестіруші-дәнекер болып, екі жақтың арасында болуы мүмкін жағдайлардың тігісін жатқызып реттеуші кәсіподақ ұйымы басшылары осы даталы күнде де ерекше белсенділік танытып, кешегі әріптестерінің жағдайына алаңдап, оларға көмек қолын созуға қашанда әзір екендігін тағы бір мәрте көрсете білді.

Жұмыс барысында өндірістік жарақат алып, біздің бөлімшенің есебінде тіркеуде тұрған теміржолшыларға берілуі тиісті төлемдер, арнайы көмектердің бәрі жасалуда. Оларға көрсетілетін көмектің дер кезінде беріліп отыруын әр мекеменің еңбек қорғау инженерлері бақылауда ұстайды. Әзірге әріптестеріміз тарапынан реніш жоқ. Дүниежүзілік еңбек қорғау күні қоғам мен мемлекеттік құрылымдардың назарын жазатайым оқиғаларға аударып, олардың алдын алуға үндеу – міндетіміз. Өндірісте зардап шеккен әріптестердің тағдырына бей-жай қарай алмаймыз. Осы мақсатпен бүгін Болаттың, Қуандықтың және Дарханның отбасында болып, кәсіподақ ұйымы тарапынан әзірленген азық-түлік себетін табыс еттік. Біз сіздермен біргеміз, – деді Ғалия Көпжасарова.

Суретті түсірген автор



### ОРТАҚ МҮДДЕ ЖОЛЫНДА

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**  
Нұр-Сұлтан



МЕРЕЙ

**Бүкіләлемдік еңбек қорғау күні Нұр-Сұлтан станциясында да аталып өтті. Осы салада міндеттерін абыроймен атқарып, адал еңбек етіп жүрген станция қызметкерлерінің аты аталып, марапатқа ие болды.**

Сонымен қатар цехтарға электр шөйнектері мен қол жуғыштар және канцелярия тауарлары тарту етілді. – Бүгінде бұл мерекені әлемнің жүзден астам елдері атап өтеді. Бұл бір жағы жұмыс орындарында жүріп қаза болғандарды еске алатын, өткеннен сабақ алатын күн. Екінші жағынан, еңбек жағдайын жақсартып, өндірістегі қайғылы жағдайларды болдырмау үшін күреске бағытталады. Сондықтан біз бүгін станцияның жұмысында қауіпсіздік талаптарын сақтап, ережелерге бағына отырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізген әріптестерге алғыс айтамыз, – деді станция бастығы Е.Рахымжанов.

Бұл күні марапатқа ие болғандар қатарында пойыз құрастырушылар Әбілғазы Нағмадин, Ермек Ханайбеков, Мадібек Бекмағамбетов, пойыз қабылдаушы Гүлбағдат Сағындықова, вагондар қозғалысы жылдамдығын реттеуші Талғат Шарапатов болды. Теміржолшылар осы станцияда 2004 жылы болған қайғылы оқиғаны және қайтыс болғандарды бір минут үнсідікпен еске алды.

Халықаралық еңбек ұйымының деректері бойынша өндірісте болатын көптеген қайғылы жағдайларға, негізінен, жұмысшылардың өздерінің немісқұрайдылығы, қауіпсіздік техникасын дұрыс сақтамауы, біліксіздігі себеп болады. Жұмыс орны қауіпсіз болмай тұрып, арнайы жұмыс киімін кимей және жеке қорғаныш құралдарын алмай тұрып жұмысқа шықпаса, жұмыс орындарындағы жарақат алудың азаяр еді. Бүкіләлемдік еңбек қорғау күнінің 2021 жылғы тақырыбы «Дағдарысты алдын ала біліп, оған дайын болу – Еңбек қорғаудың дұрыс жүйесін қазірден бастап инвестициялау» деп аталады.

Суретті түсірген автор

## 28 сәуір – Дүниежүзілік еңбек қорғау күні

### ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ – ӨЗ ӨМІРІҢДІ САҚТАУ!

(Соңы. Басы 1 бетте)

«Өкінішке қарай, көп жағдайда жазатайым оқиғалар жапа шегушілердің өз тарапынан қауіпсіздік техникасын бұзу, қырағылықты жоғалту, ережені сақтамау салдарынан болғанын тергеу-тексеру жұмыстары анықтап отыр. Мәселен, өлім-жітімге әкелген 4 оқиғаны алып қарайтын болсақ, олар соңғы бес-он жылда болған оқиғаларға қатты ұқсас. Келешекте осындай оқиғаларды болдырмау үшін басшылар өткен оқиғаларға талдау жасай отырып, қарамағындағы қызметкерлерге оны жеткізе деген тілек бар», – деп түйіндеді сөзін департамент маманы Николай Николаевич үш айдағы жағдайға шолу жасап.

Ал департаменттің келесі бір қызметкері Аида Әбдірахманова өз баяндамасында биылғы атаулы күн «COVID-19» пандемиясы жағдайымен тұспа-тұс келіп отырғанын, бұл індеттің де теміржолшыларды айналдырып өтпей, соның салдарынан Компания өзінің 22 қызметкерінен айырылғанын, дәл қазіргі күні 300 теміржолшысы корона-вируспен күресіп жатқанын,

ал 3000-ға жуығы бұл аурумен ауырып шыққанын айтты.

«COVID-19» вирусын жұқтырмаудың, яғни алдын алудың тиімді бір жолы – ол вакцина алу. Үстіміздегі жылдың 8 сәуірінен бастап еgov мобильді қосымшасында және электрондық үкіметте вакцина алу қызметтері пайда болды. Он күн ішінде Компания бойынша вакцинация алудың бірінші кезеңінен 1200-ден астам

бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілер арқылы вакцинация алудың тиімділігін егжей-тегжейлі түсіндірген жазба, бейнероликтер тартқан едік. Вакцинаны компанияның топ-менеджерлері, мен де алдым. Бәрі ойдағыдай жақсы өтті. Сондықтан өзіңіздің, әріптестеріңіздің және отбасыңыздың қамы үшін вакцина алуға кеңес беремін», – деді Аида Әбдірахманова.

лар» бойынша белсенді оқытулар жүргіздік. Ал биыл жаңа кесте бекітіліп, жаңағы оқу түрлерінің қатарына Өндірістік нысандарды аттестациялау және Тауекелдерді бағалау модульдері қосылып отыр. «Қауіпсіздіктің іс-қимыл диалогы» бойынша биыл біз қалған 20 мың қызметкерді оқытуды көздеп отырмыз. Бұған дейін біз 2837 қызметкерді оқыттық. Сонымен қатар ПДБ-2 модулі бойынша 7 мың жоғары және орта буын жетекшілерін оқыту көзделген. Бұл модуль толық цифрландырылып, ДОТ системасына енгізілген соң ғана барып қашықтан оқытылу басталады», – деп еңбек қорғау мәселесіне қатысты оқыту бойынша ақпарат берді.

Сондай-ақ, қауіпті жағдайлардың алдын алуға белсенді қатысып жүрген қызметкерлерді сыйақымен марапаттау дәстүрі қалыптасқаны және ол ай сайын жүргізіліп отыратыны атап өтілді, теміржолшылар мобильді қосымшадағы модульдер арқылы өндірістік жарақаттың алдын алып, қауіпсіздік техникасының бұзылуын болдырмауға атсалысуы міндеттелді. Өйткені, қауіпсіздікті сақтау – өз өміріңді сақтау!



**ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ МАМАНДАРЫ АЛҒА ТАРТҚАН МӘЛІМЕТТЕРГЕ СҮЙЕНСЕК, ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ҮШ АЙЫНДА КОМПАНИЯ БОЙЫНША 35 ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА ТІРКЕЛІП, БҰЛ КӨРСЕТКІШ ӨТКЕН ЖЫЛҒА ҚАРАҒАНДА 10 ОҚИҒАҒА ӨСКЕН. СОНЫҢ ІШІНДЕ, 24 ОҚИҒА ЖАРАҚАТТАНУ БОЛСА, 4 ОҚИҒАНЫҢ СОҢЫ ӨЛІМГЕ ӘКЕЛГЕН.**

адам өтті. Алдағы уақытта медициналық пойыздар елдерді аралап, екпе аламын деушілерге қызметтерін ұсынатын болады. Біз ковидке қарсы вакцина алу үшін Жол картасын жасап,

Ал департаменттің бас менеджері Алтынай Жатқанбаева: «Өткен жылдан бері біз «Қауіпсіздіктің іс-қимыл диалогы», «Қоршаған ортаны қорғау», «Оқиғаларды басқару», «Төтенше жағдай-

## ҮЗДІКТЕР МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

**Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінде де атап өтілді. Кәсіподақ ұйымының ұйытқы болуымен бөлімшеге қарасты мекемелер арасында және олардың өз ішінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды.**

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Алдымен тиісті бұйрық шығарылып, кәсіподақ комитетімен бірлесіп іс-шаралар тізімі жасақталды. Соған сәйкес барлық мекемелерге еңбекті қорғау туралы анықтамалар ілінді. Өндірістік жарақат алған жұмысшылардың жұмыста оқыс жағдайға тап болғандардың үйіне барып азық-түлік себеттері мен материалдық көмек беру, жұмыс орнында ең үздік еңбек жағдайын анықтау, ең үздік еңбекті қорғау бұрышы, ең үздік басшы аталымдары бойынша байқау жарияланды. Конкурс қорытындысына сәйкес үздік деп танылғандар мерейі үстем болып, құнды сыйлықтармен марапатталды.

Нәтижесінде Бейнеу қалпына келтіру пойызының бастығы Жанболат Шалғабай «Ең үздік басшы», Маңғыстау қалпына келтіру пойызы «Санитарлық тұрмыстық жай күйі ең үздік ұжым» номинациясына ие болды. «Ең үздік еңбекті қорғау бұрышы» болып Маңғыстау өрт сөндіру пойызы мекемесі мен Маңғыстау теміржол вокзалындағы бұрыш танылды. Арнайы аталымға ие болғандардың

барлығы бағалы сыйлықтармен марапатталды. Оған қоса кей жұмысшыларға еңбекті қорғауға қосқан үлесі үшін бөлімше бастығының Алғыс хаты тапсырылды. Маңғыстау байланыс және белгі беру дистанциясының еңбек қорғау жетекші инженері Айжан Мұханова мен Бейнеу жол дистанциясының еңбек қорғау жетекші инженері Гүлназым Далабаева осындай алғысқа бөленді.

Байқаудан бөлек бұл датаға орай еңбек ұжымдарында еңбекті қорғау бағытында жиындар өтіп, мекемелердің санитарлық тұрмыстық жай-күйіне тексеріс жүргізілді. Бөлімше басшылығы, мекеме жетекшілері мен жұмысшылар қатысқан онлайн-конференция өтті. Жиын өндірістік жарақат алып, өмірден өткендерге арналған бір минуттық үнсідікпен басталды. Қатысушылар дүниежүзілік еңбекті қорғау күнінің мақсаты мен мазмұны жайлы ой бөлісіп, осы тұрғыдан атқарылған жұмыстарынан есеп берді. Соңы еңбек қорғау бойынша өндірістік кеңес, техникалық инспекторлармен семинарға ұласты.

– Онлайн кездесуде атаулы күннің тарихы айтылып, еліміз теміржолындағы бөлімшесіз бойынша қазіргі кездегі жарақат жағдайлардың статистикасына көңіл бөлінді. Сондай оқиғалардың алдын алуға қатысты неғді жұмыстар жасалып қолға алынғаны да сөз болды. Сонымен қатар, «өндірістік қауіпсіздік» мобильді қосымшасының ішіндегі қауіпсіздік іс-әрекет диалогтарын тіркеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар баяндалды. Оны жүргізуде белсенділік танытып жүрген жұмысшылардың аты аталып, өзгелерге үлгі ретінде көрсетілді. Бөлімшеге қарасты желілік бөлімшелер арасында еңбекті қорғау, қауіпсіз еңбек жағдайын жақсарту бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен таныстық. Мекемелердің өз ішінде жарияланған байқау қорытындысы енді шығады, – дейді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің еңбекті қорғау және экология секторының бастығы Тлектес Қондыбаева.

Суретті түсірген автор

## АПАТСЫЗ ЖҰМЫС ОРНЫН ҚҰРАЙЫҚ

**Титтей де қателікті кешірмейтін теміржолшылар үшін еңбек қауіпсіздігі бірінші орында. Нысан жұмысының апатсыз режимін қамтамасыз ету, жазатайым оқиғаларды болдырмау – теміржолшылар үшін әр күннің басты мәселесі.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінде 28 сәуір – Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне орай өткен арнайы шара жазатайым жағдайдан қаза болған әріптестерін бір минут үнсідікпен еске алудан басталды.

«Еңбек адамы құқықтарының сақталуы дегеніміз – ең алдымен оның қауіпсіз жұмыс орны. Біз үшін әр жұмысшының қауіпсіздігі маңызды. Жалпы, Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесі алдымен өндірістік көрсеткіштерді емес, адам өмірі мен денсаулығын басты назарда ұстайды. Локомотив, вагон шаруашылығы, дәнекерлеу ісі, тасымалдау үдерісі, электрлендіру мен энергетика, белгі беру және байланыс қызметкерлерінің арасында еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік сабақтары аптасына екі рет өтеді», – деді бас инженер Жасұлан Рсқалиев.

Бірінші тоқсанда өңірде бір жарақат алу жағдайы тіркелді.



Оқиға Орал бөлімшесі аумағында болды. Жарақат алған машинист көмекшісі ем алып, қайта жұмысқа қосылды. Мамандар жазатайым жағдайлар, әсіресе, пойыз құраушылар мен пойыз құраушылардың көмекшілерінің арасында көп кездесетінін айтты.

Кездесуге арнайы шақырылған облыстық еңбек инспекциясының

бөлім басшысы Аслан Бауыржанұлы облыстағы компанияларда тіркелген 22 жазатайым жағдайға қатысты тексеру, анықтау жұмыстары жүріп жатқанын айтты және жұмыс берушілердің бақылауды жоғарылату керектігіне тоқталды. Жүргізілген талдамаларға сәйкес өндіріс орындарында тіркелген жазатайым жағдайлар-

дың басым бөлігі қауіпсіздіктің ескерілмеуінен болатыны айтылды.

Жиын соңы қауіпсіздік мәселесіне жауапты үздік мамандарды марапаттаумен жалғасты. Жыл басынан бастап еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың сақталуына, ішкі бақылауды жоғары деңгейде жүзеге асыруға атсалысқаны үшін бөлімшенің техникалық инспекторлары марапатталды. Солардың бірі Қандығаш локомотив пайдалану вагон депосының аға вагон қараушысы Эдуард Нұрпейісов. «Қауіпсіздік – сәт сайын назарда. Цех басшысы, нұсқаушылар кезекке шыққан сайын қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп отырады. Себебі теміржол саласы қателікті кешірмейді», – дейді Эдуард Нұрпейісов.

«КТЖ» ҰК» АҚ қауіпсіздік бойынша жұмысты ұйымдастыру тәртібін белгілейтін «KTZ HSE ISPB» еңбекті қорғауды басқарудың бірегей жүйесін әзірлеп, енгізді. Мобильді қосымша арқылы әрбір теміржолшы компания шеңберінде орын алған жазатайым оқиғалармен таныса алады. Оның басымдығы – қауіпсіздік стандарты мен жеке қорғаныс құралдарын ескермеуге байланысты жарақаттың алдын алу және оны болдырмау.

Суретті түсірген автор



## ШИРОКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ, РАДУЖНЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ



**В связи с увеличением объема перевозок по международному переходу Достык – Алашанькоу план приема и сдачи поездов увеличился до 18 пар поездов в сутки. Годовой план грузооборота на 2021 год составляет 16 400 000 тонн, импорт – 3 900 000 тонн, экспорт – 12 500 000. В целом, по стыку Достык – Алашанькоу наблюдается тенденция роста грузооборота.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматинская область

Если сравнить, то в 2019 году план грузооборота выполнен на 115%, в 2020-м – на 106%.

Как связующее звено с Поднебесной, коллектив станции принимает максимум усилий для выполнения всех показателей и обеспечения безопасности движения поездов. Прием импортных грузов за 3 месяца текущего года по плану ОСЖД в тоннаже выполнен на 97%. Основной объем приема импортных грузов (58%) – грузы в контейнерах. По сравнению с аналогичным периодом 2020 года, в текущем году произошло увеличение перевозок импортных грузов на 32%.

Что касается передачи экспортных грузов, то за 3 месяца по плану ОСЖД выполнение составило 87%.

По сравнению с аналогичным периодом 2020 года, в текущем году произошло уменьшение перевозок экспортных грузов на 16%. Причина невыполнения плана – усиленные меры профилактики и контроля на станции Алашанькоу китайской стороной в связи с распространением коронавирусной инфекции. В частности, длительно простаивали по неприему в Китай крытые вагоны с зерновыми грузами, семенами масличных культур, погруженные тарно-штучным способом, назначением на Алашанькоу, причем на

станции Алашанькоу в основном принимали легковесные грузы в контейнерах.

Прием импортных грузов с начала года выполнен на 181%. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года, в текущем произошло увеличение перевозок импортных грузов на 61%.

Передача экспортных грузов за 3 месяца выполнена на 96%. По сравнению с аналогичным периодом 2020 года, в текущем

**“ ПРИЕМ ИМПОРТНЫХ ГРУЗОВ С НАЧАЛА ГОДА ВЫПОЛНЕН НА 181%. ПО СРАВНЕНИЮ С АНАЛОГИЧНЫМ ПЕРИОДОМ ПРОШЛОГО ГОДА, В ТЕКУЩЕМ ПРОИЗОШЛО УВЕЛИЧЕНИЕ ПЕРЕВОЗОК ИМПОРТНЫХ ГРУЗОВ НА 61%.”**

году произошло уменьшение перевозок экспортных грузов на 4%.

Общий грузооборот (сдача в КНР, прием из КНР) за первый квартал текущего года выполнен на 124%, по сравнению с 2020 годом увеличение на 19%.

Наблюдается устойчивое увеличение контейнерного потока. Проводится работа по развитию станции Достык, направленная на увеличение объемов международных

грузовых и контейнерных перевозок по маршрутам Европа – КНР.

За 3 месяца 2021 года по колее 1435 мм принято 627 поездов, в среднем в сутки 7 контейнерных поездов. По сравнению с прошлым годом увеличение на 73%. По колее 1520 мм отправлен 541 поезд, в среднем в сутки – 6 контейнерных поездов. По сравнению с 2020 годом рост на 96%.

Нужно отметить, что проводятся работы по улучшению технологии обработки поездов, снижению времени оформления поездных перевозочных документов всеми службами, задействованными в техпроцессе станции, увеличению производственных мощностей перегрузочных терминалов.

С начала года план погрузки выполнен на 111%, по сравнению с 2020 годом увеличение на 28%.

Перегруз составил 26 492 вагона, из них: АО «Кедентранссервис» – 19 904 вагона, ТОО «Достык Карго Сервис» – 5 793, ТОО «Тенгри Достык» – 489, ТОО «Достык Рафайнер» – 306 вагонов.

– Поставленные национальной компанией задачи выполняются благодаря правильной организации работы под руководством Алматинского отделения ГП и четкому взаимодействию всех служб, участвующих в перевозочном процессе, – отмечает начальник станции Достык Молдахмет Кожабеков.

Фото Данияра БИМАШЕВА

## ЦЕНТР ДАСТ ТОЛЧОК ТРАНЗИТУ



**В Костане состоялось торжественное открытие транспортно-продовольственного логистического центра, призванного стимулировать дальнейшее развитие транзитных маршрутов и укреплять международное сотрудничество в транспортной сфере.**

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай

Как сообщил президент ОЮЛ Ассоциация «Партнерство по транспорту и логистике в Центральной Азии» Берик Булекбаев, данное событие состоялось при участии ТОО «Азия ҰНБ» (Казахстан) и компании «Rah Abrisham Heray International Transit and Forwarding LTD» (Афганистан). Цели транспортно-продовольственного сервисного центра – эффективное использование железнодорожной торгово-логистической инфраструктуры по продвижению сельхозпродукции (мука пшеничная и другие зерновые) от производителей к потребителям с минимальными издержками, снижение логистических затрат и обеспечение надежной доставки. Это, в свою очередь, предполагает существенное повышение уровня транспортного обеспечения потребностей зернового рынка путем устранения инфраструктурных ограничений и перехода к прогрессивным транспортно-технологическим схемам доставки.

Перевозка сельхозпродукции будет осуществляться по маршрутам: Рудный – Болашак – Серхетабат (Туркменистан) – Тургунди (Афганистан) и Рудный



– Сарыагаш – Термез (Узбекистан) – Хайратон (Афганистан).

– Мы выражаем уверенность, что созданный транспортно-продовольственный сервисный центр при поддержке администрации города, железной дороги и международных организаций станет еще одним шагом в сторону дальнейшего развития торгово-транспортных связей между Казахстаном и Афганистаном. Считаю, что данный центр внесет определенный вклад в государственную агропромышленную программу, а также в программу «Нұрлы жол», повысит экспортно-импортный и транзитный потенциалы региона, – отметил Берик Булекбаев.

Также на официальном открытии центра присутствовали представители акимата, предсе-

датель Казахстанско-Афганской ассоциации развития партнерства «AFG-QAZ» Омиртай Битимов, руководитель транспорта и логистики USAID CTJ Айжан Бейсева, представитель АО «НК «КТЖ» – заместитель директора по логистике Костанайского отделения грузовых перевозок Ерден Аманов, директор «АЗИЯ ҰНБ» Булат Рахметов, директор «Rah Abrisham Heray International Transit and Forwarding LTD» Наджибулла Джамшиди.

– Сегодня мы делаем большой шаг в нашем многолетнем сотрудничестве. Наша компания занимается транзитом грузов от Грузии и Турции до Пакистана и других стран Центральной Азии. И казахстанские железные дороги являются ключевым фактором в наших логистических цепочках. Мы рады и дальше сотрудни-

чать, укреплять наши связи, которые, благодаря созданию подобных центров, открывают для нас новые перспективы и горизонты, – сказал Наджибулла Джамшиди.

В свою очередь Ерден Аманов от лица Костанайского отделения грузовых перевозок поздравил всех собравшихся со знаменательным событием.

– Как вы знаете, одним из ключевых порталов экспорта сельскохозяйственной продукции, будь то зерно, мука или продукты перемолта, является железная дорога. На сегодняшний день она шагает в ногу со временем, обновляя и модернизируя механизмы транспортировки грузов. В реальном времени любая погрузка и перевозка в первую очередь основана на логистике, я имею в виду четкое, грамотное распределение вагонов и эксплуатации подвижного состава, – подчеркнул он.

В последующей затем довольно красочной и наглядной программе презентации Берик Булекбаев более подробно пояснил концепцию создания транспортно-продовольственного сервисного центра сельскохозяйственной продукции в Костане. По его словам, агропромышленный комплекс является одним из важных и приоритетных секторов экономики Казахстана, который реализуется при поддержке государственных программ «Дорожная карта бизнеса 2020», «Госпрограмма развития агропромышленного комплекса РК-2020».

Закончилось мероприятие торжественным подписанием контракта между ТОО «АЗИЯ ҰНБ» и «Rah Abrisham Heray International Transit and Forwarding LTD».

Фото автора

## СИТУАЦИЯ НОРМАЛИЗОВАЛАСЬ

**Жаныбек КЕНЕС,**  
Нур-Султан



**Ситуация на приграничных с КНР станциях с долгопростаивающими грузами в крытых вагонах нормализовалась.**

Благодаря усилиям и совместным выверенным действиям железнодорожников РК, КНР и казахстанских грузоотправителей проблема долгопростаивающих крытых вагонов на пограничных переходах Алашанькоу – Достык и Хоргос – Алтынколь решена. Все простаивающие в ожидании приема крытые вагоны с зерновыми грузами переданы на китайскую сторону для выгрузки.

ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» благодарит грузоотправителей за понимание и принятые меры по адресации груза, что позволило повысить пропускную способность приграничных участков и оперативно решить вопрос скопления продовольственных грузов и исключить риски их порчи.

В данный момент продолжаются переговоры с китайскими коллегами по согласованию плана обмена поездами через железнодорожные переходы Достык – Алашанькоу и Алтынколь – Хоргос. Китайская сторона отказалась принимать зерновые грузы в мешкотаре в крытых вагонах (только в биг-бегах). На май текущего года согласован план на погрузку только 50 крытых вагонов продовольственных грузов в биг-бегах. В этой связи грузоотправителям рекомендуется перейти к оптимальному варианту транспортировки зерна.

## СДЕЛАЙ ПЛАНЕТУ ЧИЩЕ!

**Роман ЛЮБИМОВ,**  
Нур-Султан



**Нынешний год в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» объявлен Годом экологической культуры и проходит под лозунгом «Сделай планету чище – начни с себя!».**

Главная цель – забота об экологической безопасности и здоровье работников.

– Безопасный труд и охрана природы – это не просто пустые декларации, а подлинная ценность для компании, – отмечает директор департамента производственной безопасности и экологии ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Берик Истлеев.

В рамках Года экологической культуры в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» реализуется План организационно-технических мероприятий, ориентированный на экологию и бережное отношение к природе.

Для улучшения экологической ситуации и обустройства новых зеленых зон железнодорожники поучаствовали в акции «Посади дерево». Так, работники Атырауского эксплуатационного локомотивного депо, соблюдая необходимые санитарные меры безопасности, высадили саженцы на территории своего предприятия.

Наряду с этим железнодорожники принимают активное участие в экологическом марафоне «Собери отходы и сдай на переработку», а также в акции «Отходы – Доходы». Цель мероприятий – привлечь внимание к экологическим проблемам. Контейнеры для раздельного сбора мусора установлены во всех структурных подразделениях компании.

– В рамках «зеленой инициативы» планируется провести экологический час «Охрана окружающей среды», акции «Бирге – таза Темір жол», «Сбереги природу – СДАЙ батарейку», – рассказал Берик Истлеев.

Работники стальной магистрали наведут порядок на территориях станций, депо, отделений, проведут мероприятия по снижению расходов топливно-энергетических ресурсов, выбросов загрязняющих веществ в окружающую среду.

Дети из семей железнодорожников примут участие в конкурсе на лучший рисунок «Экология глазами детей». Для обобщения и развития лучшего опыта, а также стимулирования и поощрения экологов региональных и линейных уровней планируется провести конкурсы «Экобезопасность производства» и «Зеленый и здоровый офис».

Железнодорожники уверены, что их инициативы сделают стальную магистраль «более зеленой» и позволят с оптимизмом смотреть в будущее.

## ПОД КОНТРОЛЕМ

**Жанара ЖУСУПОВА,**  
Павлодар



**В Павлодарской дистанции пути подвели предварительные итоги водоборьбы. Так, в паводковый период железнодорожниками было установлено 54 искусственных сооружений, серьезных подтоплений не произошло.**

До начала разлива реки Иртыш сотрудники стальной магистрали и ЧС провели совместные рейды по особо опасным местам, которых насчитывается около 30. Самые подтопляемые территории – это 199-й километр железобетонный трубы, участок Аксу1 – Дегелен и пойма реки Иртыш. На этих участках велось круглосуточное наблюдение. Сегодня по дистанции пути имеется 54 искусственных сооружения – мосты, путепроводы, пешеходный мост, автодорожный путепровод, трубы и другие. Кроме этого, сформирован противоразмывный поезд, в него входят крытый вагон, две платформы с бутовым камнем, железобетонные шпалы и платформа с рельсовым пакетом.

В настоящее время продолжается наблюдение за уровнем воды, круглосуточный контроль не отменяли. С опасными местами ознакомили локомотивные бригады, локомотивное депо городов Павлодар, Екибастуз и АО «Транстелеком», сообщили в Павлодарской дистанции пути.



## ЖОЛШЫ. ҒАЛЫМ. ҰСТАЗ

Құрметті теміржолшы, академик, ғылым докторы, профессор Амангелді Жұмағалиұлы Омаров 80 жасқа толып отыр. Амангелді Жұмағалиұлының есімі ең алдымен аса білікті теміржол инженері ретінде танымал. Ұзақ жыл Алматы темір жолын басқарған ол Түркістан-Сібір темір жолының құрылысшысы, Түркістің бас инженері болған атақты Жұмағали Омаровтың ұлы.

Амангелді Жұмағалиұлы 1941 жылы 30 сәуірде Балқаш қаласында теміржолшы әулетінде дүниеге келді. 1960 жылы Новосибирск темір жол институтының «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы» факультетіне түсіп, 1966 жылы дипломмен елге оралған соң еңбек жолын Арыс жол дистанциясында бастайды. Бригадир, жол шебері болып бес жыл өз мамандығына сай тәжірибе жинайды. Содан кейін Қарағанды жол дистанциясына ауысып, жол шебері, аға жол шебері, бас инженер болып еңбек жолын жалғастырады.

Қарағанды жол бөлімшесі бастығының жол және жол құрылысы бойынша орынбасары, бөлімшенің бас инженері қызметін атқарды. Сол уақытта Жарық-Мойынты бағытында екі жол телімін салу және электрлендіру жұмыстары жүргізіліп, А.Омаров оның жобалу жұмыстарына және іске асуына тікелей басшылық жасайды.

А.Омаровтың үлкен ұйымдастырушылық қарым-қабілеті оның 1983 жылы Алматы темір жолы бастығының темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы бойынша орынбасары қызметіне тағайындалғанда анық байқалды. Бұл уақыт темір жол саласында даму процестері жүріп жатқан кезең еді, ауыр салмақты рельстер, темір-бетон шпалдар, түйіспесіз жолдар салу қолға алынды.

Ал бірнеше жылдан соң Қатынас жолдар министрінің бұйрығымен Алматы теміржолының бастығы болып тағайындалған Амангелді Жұмағалиұлы сол жылдары Ақтоғай-Достық-Алашанько бағыттарында темір жол телімдерін салуда жасаған жобалары мен іске асыруына

басшылық жасаған білікті маман ретінде тарихта қалмақ. Сол ауқымды жұмыстардың арқасында Алматы-Үрімші бағытында 1991 жылы жүк пойыздарына, 1992 жылы жолаушылар пойыздарына жол ашылып, Қазақстан-Қытай арасында қатынас бастау алғаны тарихтан мәлім.

А.Омаров Алматы темір жолын басқарып тұрған кезде Шу-Арыс, Шу-Отар-Алматы бағыттары электрлендірілді. 1995 жылы Луговой-Шу бағыты электрлі жүйеге

инженерлер дайындауда педагогикалық ұстаздық өмір жолы басталған еді.

А.Омаров сол кездегі Қазақстандағы жалғыз жоғары теміржол оқу орнында дамуы үшін көп игілікті іс тындырды. Оқу орнының материалдық-техникалық базасын жақсартып, қосымша мамандар дайындайтын факультеттер ашуға мұрындық болды. Сонымен қатар, теміржол ауқымы өсіп, жылдан-жылға теміржолшы мамандығына сұраныс артып отырғанын

1987 жылы Арыс -Шенгелді бағытында жол көлемін ұлғайту, электрлендіру жұмыстары жүргізілді. Мен ол кезде Арыс жол дистанциясын басқардым. Айтылған жобаға ондаған ұжымдар, мыңдаған жұмысшылар жұмылдырылды. Құнде кешкісін Амангелді Жұмағалиұлы құрылыс басында атқарылған жұмыстардың есебін тындап, соңынан өзі сөз алып, кеткен кемшіліктерді қолмен ұстап, көзбен көріп тұрғандай дәл бағасын беріп, мәселелердің шешу жолдарын да айтып беретін. Амангелді Жұмағалиұлының терең білімі мен іскерлігі, байыпты да сырбаз сөз саптасы, ұстамдылығы, қызмет бабында ешкімге ұқсамайтын табандылығы, ұйымдастыру қабілетінің шеберлігі, кез келген іске аса жауапкершіліктен қайратын ұқыптылығы көзге ұрып тұратын. Біз, әсіресе, өсіп келе жатқан жас басшылар жол бастығының осы қасиеттеріне үнісіз бас иіп, ерекше тәтті болып, тым-тырыс тындап отырудан жалықпайтынбыз.


Темір жол саласының қыр-сырына қанық тәжірибелі жан ғылымда да өз орнын таба білді. Жүз елудей ғылыми еңбектері мен мақалалары, монографиялары ғылыми ортада өз бағасын алып, теміржолшы мамандар даярлайтын оқу орындарының игілігіне айналды. Құрметті профессор, ғылым докторы, Қазақстан Республикасының көлік саласына еңбегі сіңген қайраткері 1996-1998 жылдары Халықаралық көлік академиясының мүшесі болып сайланды.

Елі үшін еңбегі ерен абзал ағаны сексен жылдық мерейлі жасымен құттықтап, оған зор денсаулық, қажымас-талмас қайрат тілейміз.

**Қалихан ҚҰНАНБАЕВ,**  
Алматы

## ДАРИҒАҒА АЙНАЛҒАН ДАРЬЯ...

Маңғыстау станциясының клиенттеріне осы бір биязы мінезді, ашық-жарқын бойжеткен жақсы таныс. Оның қызмет көрсетудегі ұқыптылығы мен сауаттылығы тұтынушылардың көңілінен шықпай қоймасы анық. Екі тілде бірдей еркін сөйлейтін тауар кассирінің ұлты орыс, ал араласатын ортасы қазақ.



**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Иә, Маңғыстау станциясындағы 25 тауар кассирінің ішіндегі жалғыз орыс қызы Дарья Галайдинованың қазақ арасына сіңіп кеткені сонша, әріптестері қойған Дарига деген есімін Дарьядан кем көрмейді. Қазақтың атын алып, қазақ қызы атану себебі қызық.

— Жұмыста енді ғана бастаған кезім еді. Қапылып жұмыс істеп жатсам бір әріптесім келіп төтесінен «Сен орыссың ба?» демесі бар ма. Абдырағаннан «Жоқ, қазақпын» депшім. Біраз уақыт өткеннен кейін ғана «Ойбай, орыспын ғой» дегенім бар. Әріптестерім сол оқиғаны еске алып әлі күледі. Содан қалжындап біреуі Дарья емес сен Даригасың, руың адай, құнан-орыссың деген еді. Сол күннен бастап қазақ қызы, құнанорыс руынан болып шыға келдім. Сөйтіп, орыстың Дарьясы қазақтың құнанорыс руының қызы Даригаға айналды, — деп күлді кейіпкеріміз бұл жөнінде. Өзінің де жаңа есіміге құлағы тез үйреніп, «Дарига» дегендерге «әу» дейтін болған. Солай, қазақ қызы атанып, жаңа атпен жүргеніне міне биыл төрт жылға қарапты. Жұмысқа 2017 жылы келген екен. Бастапқыда бір ай жүк қабылдаушы болған, кейін тауар кассиріне ауысқан.

— Дарья жұмысқа алғашқы келген күннен өзін жақсы жағынан көрсетті. Бастапқыда жұмыстың қыр-сырын тауар кассирі Ақниет Бұхарбаевадан үйренді. Сол кісінің шәкірті десе де болады. Ұжыммен де, өзгелермен де тіл табысты. Адамгершілігі, міндетіне жауаптылығы өте мықты. Өз жұмысына ұқыпты, тиянақты. Қазақ болмаса да мемлекеттік тілді жетік меңгерген. Қазақпен қазақша сөйлеседі. Жас болса да ұжымда өз орнын қалыптастырып үлгерген. Әрі біздің бұрынғы әріптесіміздің қызы. Сондықтан теміржол жұмысын бала күннен көріп өсті, — дейді ол туралы станциядағы тауар кассирінің басшысы Гүлжамал Бағжожаева.

Иә, Дарья Рафаэльвенаның анасы Валентина Скрипина да теміржолшы. Осы станцияға 37 жыл еңбегі сіңген ардагер, станция кезекшісі болған.

— Анам теміржолшы болғандықтан кішкентай кезден жұмысына баратынын. Баламын ғой, қызығып вагондарды санап, әр вагонның ішінде не бар, анау темірі не, мынау не деп анамды сұрақтың астына алады екем. Өсе келе ол қызығушылық мақсатыма айналды. Мектепті бітіріп, теміржолшы боламын деп таңдау жасадым. Оған анам қарсы болды. Ол маған журналист не аудармашы болуға кеңес берді. Тындамай, құжаттарымды Ақтаудағы теміржол колледжіне тапсырып келгенмін. Одан соң Алматыдағы жоғары оқу орнында сол мамандық бойынша жалғастырдым. Бүгінде ол шешіміме анам да, мен де ризамыз. Қазір өз кәсіпімді қалай сүйетініме ол кісінің көзі жетті. Рас, жұмысқа енді кірген кезде анамның бұрынғы ұжымы, оның атына сөз келтірмеймін бе, міндетімді дұрыс орындай аламын ба деп жүрексінгенмін. Аллаға шүкір, міне, төрт жыл болып қалды. Жұмыстан жаман сөз естіген жоқпын, — деген Дарига қыздың жұмыстағы күнделікті қызметі — уақытында құжат дайындап, жүктерді өткізіп беру. Сондай-ақ, келген құжаттарды тексеріп, бағдарламаға енгізіп, жүк алушыларға құжаттарын тапсырып, жол ақысын есептеп, ақшасын қабылдайды.

Дарья ұлты орыс болғанмен, араласатын ортасы да, достары да қазақ. Енді ше, Маңғыстау станциясындағы қазақ мектебінің қазақ сыныбын бітірген. Үлкен ағасының ийелі қазақ. Сол аға-жеңгесімен үшеуі үйде де үнемі қазақша сөйлеседі екен. Қазақ халқына жаны жақын ару егер қазақ жігіті кездесіп, бақытты етемін деп тұрас, қолынан ұстауға қарсы еместігін айтады...

*Суретті түсірген автор*

## БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ – ЕГІЗ



Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технология колледжі жаңаша әдісте білім беруге көшті. Болашақ теміржолшылар енді тепловоздың барлық қондырғыларын LED экран арқылы бөлшектеп, құрастыру мүмкіндігіне ие болды.

**Ардаң СЕРДАЛЫ,**  
Ақтөбе

Тапсырма әр білім алушыға планшет арқылы беріледі. Оқу мен тәжірибені ұштастыру үшін колледждегі 10 кабинетке соңғы үлгідегі құрал-жабдық әкелінген. Жаңашыл бастама Қазақстанның Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жас маман» жобасы бойынша іске асты. Бұдан былай оқушылар теорияда түйгендерін бірден іс жүзінде көре алады. Мәселен, тепловоздың барлық қондырғыларын LED экран арқылы бөлшектеп, құрастырады. Тапсырмаларды жекелей орындау үшін әр білім алушыға планшет беріледі. Енді бір кабинетте тегежішті толықтай зерттеуге мүмкіндік бар. Сондай-ақ, жүйелерді автоматтандыру процесін де оқушылар өздігінен жүзеге асыра алады. Заманауи технологиялар елімізден бөлек, Ресей және Германиядан жеткізілген. Бұл үшін оқу орны 300 миллион теңге қаржы жұмсаған. «Республикалық және халықаралық деңгейде талап етілетін мамандарды дайындау үшін ИТ

бағыты мен теміржол мамандықтары бойынша өңірлік құзыреттілік орталықтардың жұмысын жүргізу — негізгі міндетіміз», — дейді колледж басшылығы. Теміржолшылардың орта буын мамандарын дайындау колледжінде «Жас маман» жобасы аясында білім беру үрдісінде заманауи технологияларды пайдалану» тақырыбындағы облыстық семинарда сұранысқа ие өнеркәсіптік мамандықтар бойынша жаңғыртуды және білікті мамандарды даярлауда халықаралық тәжірибені енгізу сөз болды.

Бұл жоба аясында еліміздегі 180 колледжді қайта жаңғырту қарастырылған. Оның ішінде материалдық-техникалық базаны жаңғырту және оны жетілдіру, кадр даярлаудағы халықаралық стандарттарды енгізу жұмыстары бар. Жоба аясында Ақтөбе облысы бойынша 9 колледж, соның ішінде 2019-2020 жылы Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технология колледжі халықаралық деңгейге сәйкес жаңа құрылыстармен жабдықталып, жаңа білім стандартына көшуде.

*Суретті түсірген автор*

## Тәуелсіздікке – 30 жыл

## ХРОМТАУ-АЛТЫНСАРИН – ҒАСЫР ҚҰРЫЛЫСЫ РЕТІНДЕ ТАРИХТА ҚАЛАДЫ

Тәуелсіз Қазақстанның егеменді ел атанғанына 30 жыл. Еліміз дербес мемлекет болуға қол жеткізген тұстан бастап, көлік инфрақұрылымын дамытуға баса мән берді. Соның ішінде ел экономикасының локомотиві – теміржол көлігі бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамығаны баршаға аян.



**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Кеңестік кезде тек Ресейге қарай салынған теміржол желісі тәуелсіздік тұсында республика ішінде өңіраралық байланыстар орната бастады. Дәл осы тұста еліміздің шығысында «Ақсу-Дегелең» теміржолы пайдалануға берілсе, батыстағы жұрт «Хромтау-Алтынсарин» теміржолының игілігін көре бастады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінің басшысы Бөрхан Беркімбаев Батыс Қазақстан өңіріне жаңаша серпіліс берген қуатты құрылыс — «Хромтау-Алтынсарин» теміржолы туралы баяндап берді. «Ғасыр құрылысы» деп аталатын жаңа теміржол желісі елдің шығысын батыспен, орталық аймақтарды оңтүстігімен біріктіріп, шығыстан жүк жеткізу ұзақтығын 2 мың шақырымға, ал жолаушылар ағынын 1,5 мың шақырымға қысқартқаны расымен оның ғаламат ғасыр құрылыс болғанын айғақтайды.

— Жоба солтүстік және орталық облыстардан азық-түлік өнімдерін

батысқа тікелей тасымалдауға мүмкіндік берді. Оның үстіне темір жол бойындағы мыс, никель, темір рудасы секілді жаңа кен орындарын игеру үшін қандай керемет мүмкіндік жасалды. Елдегі кәсіпорындар арасындағы ғана емес, жолаушылардың да жүру уақытын әжептәуір қысқартты. Бұрын жолаушылар Ақтөбеден Астанаға жету үшін 2,5 мың шақырым жол жүріп, Ресеймен шекараны төрт рет кесіп өтетін. Жаңа желі салынғаннан кейін Ресей Федерациясының аумағына кірмей-ақ, ел ішіндегі жолдармен 24 сағатта жетеді. «Хромтау-Алтынсарин» теміржолының құрылыс бюджеті 15 миллиард 253 миллион 56 мың теңгені құрады. Жолдың салынуы жергілікті халықтың әл-ауқатының өсуіне үлкен әсер етті, — дейді Бөрхан Беркімбаев.

«Хромтау-Алтынсарин» теміржол желісінің 169 шақырымы — Хромтау-Әйтеке би учаскесі. Тәуелсіздіктің төл туындысына айналған теміржол желісінің

құрылысы 2003 жылы басталды. 2004 жылы қараша айының соңында бұл жолмен Қостанай облысының аумағымен шекаралас Ақтөбе облысының ел шалғай Әйтеке би ауданы арқылы алғашқы пойыз өтті. Құрылыс жұмыстарына мыңға жуық жергілікті тұрғындар тартылды. Жаңа теміржол құрылысының жандануы экономикалық серпіліс қана емес, әлеуметтік қуаттылықты арттырды.

«Хромтау-Алтынсарин» теміржолының іске қосылу салтанатында Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі өңірге арнайы келіп, жобаның тұсауын кескені — актөбеліктер үшін үлкен мақтаныш. Бүгінде осынау «Ғасыр құрылысы» жобасында Елбасының қолы тиген жез қондыра актөбеліктер үшін ерекше құнды жәдігердің біріне айналды. Бүгінде теміржолшылар мұражайында тұрған жәдігер со-

дан бері жаңа теміржол ашылған кезде салтанатты шараға пайдаланылып жүр.

— Қазіргі күні «Хромтау-Алтынсарин» теміржолының бірде-бір мемлекеттік бағдарламаны, соның ішінде тұрғын үй құрылысы мен аграрлық мәселені және индустриялық-инновациялық даму бағдарламаларын жүзеге асыру мүмкін емес. Күре жол елдің экономикалық дамуына жаңа күш берді. Жүк, жолаушы тасымалдау жұмыстарын ұйымдастыру кезінде көрші ел арқылы өту мәселесі жойылды. «Алтынсарин-Хромтау» теміржолының бойында жолаушыларға қызмет көрсету пункттері, әлеуметтік-мәдени нысандар және тиісті теміржол инфрақұрылымымен жабдықталған 7 станция мен развезд ашылып, бүгінде халық игілігіне жұмыс істеп тұр, — дейді Б.Беркімбаев.

*Суретті түсірген автор*

## В ЕДИНОМ СТРОЮ

В Западно-Казахстанской области проживают представители более 90 национальностей, и почти каждый производственный коллектив с большой историей можно назвать многонациональным. Уральское эксплуатационное локомотивное депо основано в 1894 году и свято чтит традиции.

**Яна ЛЕНИНА,**  
Уральск

Богатой истории Уральского локомотивного депо можно позавидовать: основано в XIX веке в связи с открытием движения поездов сообщением Покровская Слобода (ныне г. Энгельс Саратовской области) – Уральск, тогда оно называлось железнодорожными мастерскими и было передовым по многим направлениям. Именно здесь в 1936-м первая в Казахстане женщина-машинист паровоза Злиха Темиршиева провела первый поезд по участку новой построенной дороги Уральск – Илецк. В числе первых уральские машинисты перешли на тепловозы, внедрение кольцевого графика без захода в депо, увеличение технической скорости.

Отличились своим героизмом уральские машинисты и в годы Великой Отечественной войны, в послевоенные годы здесь работало много орденосцев и даже Герой Советского Союза.

Эти славные традиции в коллективе филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП», Уральское эксплуатационное локомотивное депо



